

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТЕК МЕКЕМЕСІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ  
ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 31 мамыр

Алматы қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

ПОСТАНОВЛЕНИЕ  
СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

№ 83

город Алматы

**Ұлттық Банкте ұлттық валютадағы,  
банкаралық ақша аудару жүйесінің  
пайдаланушыларымен ұлттық  
валютадағы және шетел валютасындағы  
корреспонденттік шотқа қызмет көрсету  
бойынша Үлгі Қосылу шарттарын  
бекіту туралы**

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасындағы корреспонденттік қатынастарды белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 209 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Мыналар:

- 1) Ұлттық валютадағы корреспонденттік шотқа қызмет көрсету бойынша Үлгі Қосылу шарты (1-қосымша);
- 2) Банкаралық ақша аудару жүйесінің пайдаланушыларымен ұлттық валютадағы корреспонденттік шотқа қызмет көрсету бойынша Үлгі Қосылу шарты (2-қосымша);
- 3) Шетел валютасындағы корреспонденттік шотқа қызмет көрсету бойынша Үлгі Қосылу шарты (3-қосымша) бекітілсін.

2. Монетарлық операцияларды есепке алу басқармасы (Баймұқанов Ж.С.) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастырысын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Фалиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастырылған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қүшіне енеді.

**Ұлттық Банк  
Төрағасы**

**Д. Ақышев**

Дұрыс:

Бас маман-КРҰБ Басқармасының хатшысы

А. Дупленко

---

<sup>1</sup> Ұлттық Банктегі ұлттық валютадағы, банкаралық ақша аудару жүйесінің пайдаланушыларымен ұлттық валютадағы және шетел валютасындағы корреспонденттік шотқа қызмет көрсету бойынша Үлгі Қосылу шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі  
Директорлар кеңесінің  
2017 жылғы 31 мамырдағы  
№ 83 қаулысына  
1- қосымша

**Ұлттық валютадағы корреспонденттік шотқа  
қызмет көрсету бойынша  
ҚОСЫЛУ ШАРТЫ**

**Алматы қ.**

Осы Ұлттық валютадағы корреспонденттік шотқа қызмет көрсету бойынша қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Ұлттық Банк» деп аталады және Клиент (Шартқа қосылу туралы өтініш берген заңды тұлға), бұдан әрі бірігіп «Тараптар» және жеке-жеке «Тарап» деп аталады, ұлттық валютадағы корреспонденттік шот бойынша операцияларды жүзеге асыру бойынша олардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

## **1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

1.1. Шарт Клиенттің ұлттық валютадағы корреспонденттік шотын ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындайды, сондай-ақ Клиенттің корреспонденттік шотын жүргізу кезінде Тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді және Ұлттық Банктің Интернет-ресурсына орналастырылады.

1.2. Клиент Ұлттық Банкке Клиенттің уәкілетті адамы қол қойған және Шартта белгіленген тәртіппен Клиенттің мөрімен куәландырылған Шартқа қосылу арқылы валюта түрін көрсете отырып, корреспонденттік шотты ашуға арналған өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) жібереді. Өтініште басқалардан бөлек, Клиенттің салықтық резиденттілігі туралы мәлімет қамтылуы тиіс. Өтініш Шарттың талаптарымен Клиенттің танысқанын және қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз толық көлемде қабылдайтынын дәлелдейді. Егер де Ұлттық Банкте Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиент қол қойған Өтініштің бір данасы болған жағдайда, Клиент Шартта өзінің қойған қолының болмауын Шартты өзінің оқымағандығының/ қабылдамағандығының дәлелі ретінде сілтеме жасауына құқылы емес. Өтінішке қол қоя отырып, Клиент Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты ашуудың, жүргізудің, жабудың барлық талаптарын өзіне қабылдайды және Шартқа қосылады.

1.3. Шарт тәртібінде және талаптарында Ұлттық Банк Клиентке жеке сәйкестендіру кодын (бұдан әрі – ЖСК) беру арқылы оған корреспонденттік

шот (бұдан әрі – корреспонденттік шот) ашады және Клиентке Шарт қосымшасына сәйкес Ұлттық валютада корреспонденттік шотты ашу туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) жібереді\*.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **2.1. Ұлттық Банк:**

- 1) Шарт негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде корреспонденттік шот ашуға\*;
- 2) Клиенттің пайдасына түсken ақшаны Шартта көзделген талаптармен қабылдауға;
- 3) корреспонденттік шотқа келіп түсken барлық ақшаның болуын қамтамасыз етуге;
- 4) егер нұсқаудың талаптарында оны орындаудың неғұрлым кейінгі мерзімі белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шарттың талаптарында және Ұлттық Банктің Операциялық күн кестесінде (бұдан әрі – Кесте) белгіленген мерзімде корреспонденттік шотта қалған сома шегінде төлемдер жасауды және/немесе ақша аударуды жүзеге асыруға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиентті корреспонденттік шоттағы ақшаны ондағы ақша қалдыры шегінде, сондай-ақ Шартта белгіленген талаптармен кедергісіз жұмсау құқығымен қамтамасыз етуге;
- 6) Ұлттық Банкке Клиент жіберетін нұсқауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде, Шартта белгіленген талаптарға сәйкес және Кестеде көзделген мерзімде қабылдауға және орындауға;
- 7) инкассолық өкімді және төлем талабын алған кезде, сондай-ақ корреспонденттік шотта ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қабылдауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде оларды орындауға және сақтауға;
- 8) Клиенттің корреспонденттік шоты бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде Кестеде көзделген мерзімде ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірмені беруге;
- 9) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне және Кестеге сәйкес Ұлттық Банк филиалдарының шығыс кассасы арқылы Клиенттің қолма-қол ақшасын беру үшін Клиенттің нұсқауын қабылдауға және орындауға\*\*;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиент жүргізген операциялар және корреспонденттік шоттағы ақша сомасы туралы ақпараттың және банктік және коммерциялық құпияның құрайтын өзге де ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;

11) ағымдағы жұмыс құнінен кешіктірмей Клиентті Кестеде көзделген мерзімде келіп түскен оның нұсқауларын орындау мүмкін еместігі туралы телефон және/немесе электрондық байланыс арқылы хабардар етуге;

12) ақшаның қате есептен шығарылғаны жөнінде дербес анықталған немесе Клиенттің жазбаша хабарламасы алынған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қате есептен шығарылған ақша сомасын Клиентке қайтаруға;

13) Ұлттық Банк Кесте, Ұлттық Банк ұсынатын қызмет үшін ақы төлеудің түрлері мен мөлшері (бұдан әрі – Тарифтер) өзгерген жағдайда Клиентті олар қолданысқа енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс құнінен кешіктірмей жазбаша нысанда хабардар етуге **міндеттенеді**.

## **2.2. Клиент:**

1) корреспонденттік шот ашу үшін Ұлттық Банкке Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құжаттарды ұсынуға\*;

2) корреспонденттік шоттағы өзінің ақшасын жұмсау бойынша барлық операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес жүргізуге;

3) корреспонденттік шот бойынша өзінің деректерінің Ұлттық Банктің деректерімен дұрыс көрсетілуін күн сайын бақылауды жүзеге асыруға;

4) нұсқауды қате орындау анықталған жағдайда, осы факті байқалған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұл туралы Ұлттық Банкке хабарлауға;

5) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде, Шартта белгіленген талаптарға сәйкес және Кестеде көзделген мерзімдерде нұсқауларды Ұлттық Банкке беруге;

6) Кестеге сәйкес қолма-қол ақшаны Ұлттық Банк филиалдарының шығыс кассалары арқылы алу үшін корреспонденттік шотта ақшаны резервке алуға арналған өтінімді Ұлттық Банкке ұсынуға\*\*;

7) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарында көзделген жағдайларда Ұлттық Банктің талап етуі бойынша қажетті құжаттар ұсынуға **міндеттенеді**.

## **2.3. Ұлттық Банк:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен, кезектілікті сақтай отырып, Клиентке ақшаны алу күнінен кейінгі жұмыс қүннен кешіктірмей ақшаны алудың заңдылығын растайтын тиісті құжаттарды жібере отырып Клиенттің келісімінсіз корреспонденттік шоттан ақша алуды жүргізуге;

2) ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тарифтерге сәйкес қызметті өтеуге арналған Клиенттің корреспонденттік шотынан Клиенттің келісімінсіз ақшаны алуды жүргізуге құқылы. Корреспонденттік шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда Қазақстан

Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Клиенттің кез келген банк шоттарынан Ұлттық Банктің операциялар жасау күнгі ресми бағамын қолдана отырып, ақша алынады;

3) Ұлттық Банк филиалының кассасына тапсырылған, оларды параптап қайта санау нәтижесінде анықталған қолма-қол ақша артық/кем шыққан жағдайда Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен Клиенттің келісімінсіз ақшаны корреспонденттік шотқа/шоттан есептеуді/алуды\*\*;

4) корреспонденттік шотқа ақша қате қабылданған (есептелген) жағдайда корреспонденттік шоттан Клиенттің келісімінсіз ақша алуды жүргізуге;

5) Клиентпен жасалған мемлекеттік қаржыландыру (кредиттеу) шарттарының (келісімдерінің) шенберінде Өтініште көрсетілген адамдар ұсынған төлем талаптары негізінде оның келісімінсіз ақшаны оның корреспонденттік шотынан алуға\*\*\*;

6) Клиенттің банк деректемелерін, оның ішінде корреспонденттік шоттың нөмірін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы банктерінің анықтамалығын Қазақстанның төлем жүйелерін пайдаланушыларға жіберуге;

7) Клиенттің Ұлттық Банктің алдындағы кез келген, оның ішінде осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындаған және/немесе тиісінше орындаған жағдайда Клиенттің кез келген банк шоттарынан Клиенттің келісімінсіз орындалмаған міндеттемелер сомасында ақша алуға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарт талаптарында көзделген негіздер бойынша Клиентке нұсқауды орындаудан бас тартуға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен, сондай-ақ Шартта белгіленген талаптар бойынша Клиенттің корреспонденттік шоттағы ақшаға иелік етуін шектеуге және үшінші тұлғалардың талаптары бойынша корреспонденттік шоттан Клиенттің ақшасын алуға **құқылы**.

#### **2.4. Клиент:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген тәртіппен корреспонденттік шоттағы ақшаны ондағы ақша қалдығының шегінде дербес басқаруға;

2) Кестеге сәйкес корреспонденттік шоттан ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмелерді алуға **құқылы**.

### **3. КОРРЕСПОНДЕНТТІК ШОТТЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

3.1. Ұлттық Банк Клиенттің корреспонденттік шотындағы ақша қалдығына сыйақыны есептемейді.

3.2. Тараптар нұсқауларды және өзге де хабарламаларды жіберген кезде SWIFT жүйесін және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпаратты тасымалдаудың

қаржылық автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – ҚБЕО ҚААТЖ) негізгі байланыс арнасы ретінде пайдалануға келіседі. Ерекше жағдайларда (SWIFT, ҚБЕО ҚААТЖ жүйелерінің жұмысындағы іркілістер) өзара іс-әрекет жасау қағаз тасымалдағышта және/немесе резервтік байланыс арнасын пайдалану жолымен (Тараптардың келісімі бойынша) жүзеге асырылады. Тараптар SWIFT, ҚБЕО ҚААТЖ жүйелері арқылы жіберілген хабарламалардың қағаз тасымалдағышта жасалған құжаттардың күші болатынын мойындайды.

#### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

4.1. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес басқа Тарапқа ол нақты шеккен зиянды өтейді.

4.2. Ұлттық Банкті қате есепке алынған ақша сомалары туралы Шарттың 2.2-тармағының 4) тармақшасында айтылған мерзімдерде хабардар етпегені үшін Клиенттен өсімпұл өндіріп алынады, оны мөлшері ақшаны алу күніндегі Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшеріне қарай әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін қате қабылданған (есепке алынған) ақша сомасынан есептеледі.

4.3. Ұлттық Банк Клиенттің корреспонденттік шоты бойынша нұсқауларын орындағаны үшін, егер көрсетілген төлем сомасы нұсқауды орындау сәтінде корреспонденттік шоттағы ақша сомасынан асатын болса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша орындағаны/уақтылы орындағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

4.4. Клиенттің нұсқауларын уақтылы орындағаны үшін Ұлттық Банк барлық мерзімі өткен күндер үшін уақтылы орындалмаған нұсқау сомасына есептелетін өсімпұл төлейді, өсімпұлдың мөлшері өсімпұлды өндіріп алу күніндегі Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшеріне қарай әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған нұсқау сомасынан есептеледі.

Ұлттық Банк Клиенттің нұсқауларын уақтылы орындағаны үшін өсімпұл сомасын төлеген жағдайда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

4.5. Клиенттің және/немесе бенефициардың кінәсінен нұсқаудың дұрыс ресімделмеуі, қателердің, бас тартудың немесе кешіктірудің салдарынан Клиенттің нұсқауларын орындағаны/уақтылы орындағаны, сондай-ақ пайда болған зиян үшін Ұлттық Банк жауапкершілік атқармайды.

4.6. Нұсқау деректемелерінің дәйектілігі үшін жауапкершілікті оны ұсынушы атқарады және Ұлттық Банк оларда дұрыс көрсетілмеген ақпараттың орындалуына жауапты болмайды.

4.7. Тараптар байланыс арналарына қолжетімділігі бар қызметкерлердің әрекеттері үшін барлық жауапкершілікті өздеріне қабылдайды.

## 5. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

5.1. Тараптардың Шарт бойынша өз функцияларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін, табиғи апattар, апattар, өрт, жаппай тәртіпсіздік, ереуілдер, әскери іс-қимылдар кіретін еңсерілмейтін құш жағдайлары туындаған, сондай-ақ Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне тікелей немесе жанама тыйым салатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілері қабылданған жағдайда, олар өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындағаны үшін, егер осындай жағдайлар туындаған сәтten бастап 3 (үш) жұмыс қунінен кешіктірмей және байланыс болған кезде олардың әсерінен зардал шеккен Тарап басқа Тарапқа болған жағдай туралы хабар берсе, сондай-ақ төтенше жағдайлардың салдарын жедел жою үшін барлық күшін салса, жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Тараптар табиғи апattар, электр энергиясын өшіру және байланыс желілерінің зақымдану түрінде электрондық төлемдер жүйесінің жұмысына айтарлықтай ықпал ететін еңсерілмейтін құш жағдайларының әсер етуі салдарынан туындаған электрондық нұсқауларды жіберуге арналған электрондық байланыс арналарын пайдалануды тоқтатқаны үшін жауапкершілік атқармайды.

5.3. Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген дүлей құш жағдайларының объектісі болған Тарап екінші Тараптың талап етуі бойынша орын алған оқиғалар туралы растайтын құжаттарды, сондай-ақ уәкілетті органдар растиған келтірілген зиянның көлемін есептеуге байланысты кез келген құжаттаманы беруге міндетті.

5.4. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы дүлей құш жағдайларының кезінде тоқтатыла тұрады және олар тоқтағаннан кейін бірден қайта жалғасады.

5.5. Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген дүлей құш жағдайларының әрекеті тоқтағаннан кейін Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын жалғастыруға міндетті.

## 6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

6.1. Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды сот тәртібінен тыс реттеу үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

6.2. Өзара келісімге келе алмаған кезде барлық реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## 7. БАСҚА ТАЛАПТАР

7.1. Шарт корреспонденттік шот ашылған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбекен уақыт мерзімі ішінде қолданылады\*.

7.2. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер мен тәртіпте бұзылады.

7.3. Тараптар Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы, бұл ретте Шартты бұзуға ниет білдірген Тарап Шартты бұзу жоспарланған күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндettі. Бұл жағдайда, Тараптар Шарт бойынша бұрын туындаған міндеттемелерді орындауға және олар бойынша шығыстарды Шартты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын кешіктірмей бір-біріне өтеуге міндettі.

Клиент корреспонденттік шотты жабуға өтінішті және корреспонденттік шоттағы ақша қалдығын аудару туралы нұсқауды Шартты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын кешіктірмей Ұлттық Банкке ұсынады.

7.4. Ұлттық Банк Шартқа барлық өзгерістер мен толықтыруларды Клиентке жазбаша нысанда хабарлау не Ұлттық Банктің Интернет-ресурсында жариялау арқылы енгізеді. Бұл ретте Клиенттің Шартқа қосымша келісімдерге қол қоюы талап етілмейді және Клиент өзгерістер енгізілген кезден бастап Шартқа жасалған өзгерістер мен толықтыруларға қосылған болып саналады.

Шартқа жасалған өзгерістер мен толықтырулармен келіспеген жағдайда, Клиент корреспонденттік шотты жабуға және бар болса, шығыстарды өтеп, Ұлттық Банкке өтініш беру арқылы Шартты бұзуды талап етуге құқылы.

7.5. Атауы, орналасқан жері және деректемелері, сондай-ақ Жарғысы және (немесе) банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясы және қол қою үлгілері мен мөрінің бедері бар құжат өзгерген жағдайда, Тарап 10 (он) жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа жазбаша хабарлауға міндettі.

7.6. Тараптар қайта ұйымдастырылған жағдайда, барлық құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық мирасқорларына көшеді.

7.7. Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

\* бұдан бұрын корреспонденттік шот шарты жасасылған Клиенттерді қоспағанда.

\*\* қолма-қол ақшамен жұмыс іstemейтін Клиенттерді қоспағанда.

\*\*\* аталған тармақтың ережелері Шартқа қосылуға арналған өтініште бенефициардың (бенефициарлардың тізбесі) атауын, БСН, негізінде төлем талабы қойылатын ақша жөнелтушінің бенефициар (бенефициарлардың тізбесі) алдындағы ақшалай міндеттемесін растайтын құжаттардың атауы мен деректемелерін көрсетуге құқылы, мемлекеттік бағдарламалар шегінде кредиттеу шартын жасасқан клиенттерге қолданылмайды.

Ұлттық валютадағы корреспонденттік шотқа  
қызмет көрсету бойынша қосылу шартына  
қосымша

**Ұлттық валютадағы корреспонденттік шотты ашу туралы**  
**ХАБАРЛАМА**

Хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

Ұлттық Банк «\_\_\_\_\_»  
(Клиент)

жеке сәйкестендіру кодын (ЖСК) берे отырып, ұлттық валютадағы  
корреспонденттік шоттың ашылғаны туралы хабарлайды\*.

| ЖСК | БСК | Шот валютасы |
|-----|-----|--------------|
|     |     |              |

Уәкілетті адам \_\_\_\_\_  
(коло)(Тегі және инициалдары)

\_\_\_\_\_  
(куні)

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі  
Директорлар кеңесінің  
2017 жылғы 31 мамырдағы  
№ 83 қаулысына  
2- қосымша

**Банкаралық ақша аудару жүйесінің пайдаланушыларымен  
ұлттық валютадағы корреспонденттік шотқа қызмет көрсете бойынша  
ҚОСЫЛУ ШАРТЫ**

**Алматы қ.**

Осы Банкаралық ақша аудару жүйесінің пайдаланушыларымен ұлттық валютадағы корреспонденттік шотқа қызмет көрсете бойынша қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Ұлттық Банк» деп аталады және Клиент (Шартқа қосылу туралы өтініш берген заңды тұлға), бұдан әрі бірігіп «Тараптар» және жеке-жеке «Тарап» деп аталады, ұлттық валютадағы корреспонденттік шот бойынша операцияларды жүзеге асыру бойынша олардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

## **1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

1.1. Шарт Клиенттің ұлттық валютадағы корреспонденттік шотын ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындайды, сондай-ақ Клиенттің корреспонденттік шотын жүргізу кезінде Тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді және Ұлттық Банктің Интернет–ресурсына орналастырылады.

1.2. Клиент Ұлттық Банкке Клиенттің уәкілетті адамы қол қойған және Шартта белгіленген тәртіппен Клиенттің мөрімен куәландырылған Шартқа қосылу арқылы валюта түрін көрсете отырып, корреспонденттік шотты ашуға арналған өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) жібереді. Өтініште басқалардан бөлек, Клиенттің салықтық резиденттілігі туралы мәлімет қамтылуы тиіс. Өтініш Шарттың талаптарымен Клиенттің танысқанын және қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз толық көлемде қабылдайтынын дәлелдейді. Егер де Ұлттық Банкте Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиент қол қойған Өтініштің бір данасы болған жағдайда, Клиент Шартта өзінің қойған қолының болмауын Шарттың өзінің оқымағандығының/ қабылдамағандығының дәлелі ретінде сілтеме жасауына құқылы емес. Өтінішке қол қоя отырып, Клиент Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты ашудың, жүргізудің, жабудың барлық талаптарын өзіне қабылдайды және Шартқа қосылады.

1.3. Шарт тәртібінде және талаптарында Ұлттық Банк Клиентке жеке сәйкестендіру кодын (бұдан әрі – ЖСК) беру арқылы оған корреспонденттік шот (бұдан әрі – корреспонденттік шот) ашады және Клиентке Шарт қосымшасына сәйкес Ұлттық валютада корреспонденттік шотты ашу туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) жібереді\*.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **2.1. Ұлттық Банк:**

- 1) Шарт негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде корреспонденттік шот ашуға\*;
- 2) Клиенттің пайдасына түсken ақшаны Шартта көзделген талаптармен қабылдауға;
- 3) корреспонденттік шотқа келіп түсken барлық ақшаның болуын қамтамасыз етуге;
- 4) егер нұсқаудың талаптарында оны орындаудың неғұрлым кейінгі мерзімі белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шарттың талаптарында және Ұлттық Банктің Операциялық күн кестесінде (бұдан әрі – Кесте) белгіленген мерзімде корреспонденттік шотта қалған сома шегінде төлемдер жасауды және/немесе ақша аударуды жүзеге асыруға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиентті корреспонденттік шоттағы ақшаны ондағы ақша қалдығы шегінде, сондай-ақ Шартта белгіленген талаптармен кедергісіз жұмсау құқығымен қамтамасыз етуге;
- 6) Ұлттық Банкке Клиент жіберетін нұсқауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде, Шартта белгіленген талаптарға сәйкес және Кестеде көзделген мерзімде қабылдауға және орындауға;
- 7) операциялық күннің басында нұсқау не корреспонденттік шоттағы ақша қалдығы сомасының жиынтық немесе пайыздық арақатынасымен көрсетілуі мүмкін және Клиенттің оны қайтарып алу туралы жазбаша нұсқауына дейін қолданылатын тұрақты қолданыстағы нұсқау негізінде Ұлттық Банктегі банкаралық ақша аудару жүйесінің (бұдан әрі – Жүйе) шотына корреспонденттік шоттан ақша аударуды жүзеге асыруға;
- 8) Клиенттің нұсқауы бойынша Ұлттық Банктегі Жүйенің шотынан (бұдан әрі – Жүйенің шоты) корреспонденттік шотқа не корреспонденттік шоттан Жүйенің шотына операциялық күн ішінде нұсқау не Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген тұрақты қолданыстағы нұсқау негізінде ақша аударымын жүзеге асыруға;
- 9) инкассолық өкімді және төлем талабын алған кезде, сондай-ақ корреспонденттік шотта ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қабылдауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде оларды орындауға және сақтауға;

10) Клиенттің корреспонденттік шоты бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде Кестеде көзделген мерзімде ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірмені беруге;

11) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне және Кестеге сәйкес Клиенттің қолма-қол ақшасын Ұлттық Банк филиалдарының шығыс кассалары арқылы беруге арналған Клиенттің нұсқауларын қабылдауға және орындауға\*\*;

12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиент жүргізген операциялар және корреспонденттік шоттағы ақша сомасы туралы ақпараттың және банктік және коммерциялық құпияны құрайтын өзге де ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;

13) ағымдағы жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентті Кестеде көзделген мерзімде келіп түсken оның нұсқауларын орындау мүмкін еместігі туралы телефон және/немесе электрондық байланыс арқылы хабардар етуге;

14) ақшаның қате есептен шығарылғаны жөнінде дербес анықталған немесе Клиенттің жазбаша хабарламасы алынған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қате есептен шығарылған ақша сомасын Клиентке қайтаруға;

15) Ұлттық Банк Кесте, Ұлттық Банк ұсынатын қызмет үшін ақы төлеудің түрлері мен мөлшері (бұдан әрі – Тарифтер) өзгерген жағдайда Клиентті олар қолданысқа енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда хабардар етуге **міндеттенеді**.

## **2.2. Клиент:**

1) корреспонденттік шот ашу үшін Ұлттық Банкке Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құжаттарды ұсынуға\*;

2) корреспонденттік шоттағы өзінің ақшасын жұмсау бойынша барлық операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес жүргізуге;

3) корреспонденттік шот бойынша өзінің деректерінің Ұлттық Банктің деректерімен дұрыс көрсетілуін күн сайын бақылауды жүзеге асыруға;

4) нұсқауды қате орындау анықталған жағдайда, осы факті байқалған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұл туралы Ұлттық Банкке хабарлауға;

5) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде, Шартта белгіленген талаптарға сәйкес және Кестеде көзделген мерзімдерде нұсқауларды Ұлттық Банкке беруге;

6) Кестеге сәйкес қолма-қол ақшаны Ұлттық Банк филиалдарының шығыс кассалары арқылы алу үшін корреспонденттік шотқа ақшаны резервке алуға арналған өтінімді Ұлттық Банкке ұсынуға\*\*;

7) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-

қымыл туралы заңнамасының талаптарында көзделген жағдайларда Ұлттық Банктің талап етуі бойынша қажетті құжаттар ұсынуға міндеттенеді.

### **2.3. Ұлттық Банк:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен, кезектілікті сақтай отырып, Клиентке ақшаны алу күнінен кейінгі жұмыс күннен кешіктірмей ақшаны алудың заңдылығын растайтын тиісті құжаттарды жібере отырып Клиенттің келісімінсіз корреспонденттік шоттан ақша алушы жүргізуге;

2) ай сайын, есептің айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тарифтерге сәйкес қызметті өтеуге арналған Клиенттің корреспонденттік шотынан Клиенттің келісімінсіз ақшаны алуды жүргізуге құқылы. Корреспонденттік шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Клиенттің кез келген банк шоттарынан Ұлттық Банктің операциялар жасау күнгі ресми бағамын қолдана отырып, ақша алынады;

3) Ұлттық Банк филиалының кассасына тапсырылған, оларды параптап қайта санау нәтижесінде анықталған қолма-қол ақша артық/кем шыққан жағдайда Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен Клиенттің келісімінсіз ақшаны корреспонденттік шотқа/шоттан есептеуге/алуға\*\*;

4) корреспонденттік шотқа ақша қате қабылданған (есептелген) жағдайда корреспонденттік шоттан Клиенттің келісімінсіз ақша алушы жүргізуге;

5) клиринг (егер Клиент клиринг қатысушысы болып табылса) нәтижелері бойынша ақша аударымын жүзеге асыру үшін Клиенттің Жүйенің шотындағы ақшасы жеткіліксіз болған Клиенттің Жүйедегі нұсқауларының кезегі пайда болған кезде кезде оларды Жүйенің шотына аудару мақсатында Клиенттің келісімінсіз корреспонденттік шоттан ақша алуға;

6) Клиенттің міндеттемелерін орындау үшін корреспонденттік шотта ақша жеткіліксіз болған кезде қате есептелген ақша сомасын қайтару үшін Жүйе шотынан корреспонденттік шотқа ақша аударуды жүзеге асыруға;

7) Клиентпен жасалған мемлекеттік қаржыландыру (кредиттеу) шарттарының (келісімдерінің) шенберінде Отініште көрсетілген адамдар ұсынған төлем талаптары негізінде оның келісімінсіз ақшаны оның корреспонденттік шотынан алуға\*\*\*;

8) Клиенттің банк деректемелерін, оның ішінде корреспонденттік шоттың немірін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы банктерінің анықтамалығын Қазақстанның төлем жүйелерін пайдаланушыларға жіберуге;

9) Клиенттің Ұлттық Банктің алдындағы кез келген, оның ішінде осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда Клиенттің кез келген банк шоттарынан Клиенттің келісімінсіз орындалмаған міндеттемелер сомасында ақша алуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарт талаптарында көзделген негіздер бойынша Клиентке нұсқауды орындаудан бас тартуға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен, сондай-ақ Шартта белгіленген талаптар бойынша Клиенттің корреспонденттік шоттағы ақшаға иелік етуін шектеуге және үшінші тұлғалардың талаптары бойынша корреспонденттік шоттан Клиенттің ақшасын алуға құқылы.

#### **2.4. Клиент:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген тәртіппен корреспонденттік шоттағы ақшаны ондағы ақша қалдығының шегінде дербес басқаруға;

2) Кестеге сәйкес корреспонденттік шоттан ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмелерді алуға құқылы.

### **3. КОРРЕСПОНДЕНТТИК ШОТТЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

3.1. Ұлттық Банк Клиенттің корреспонденттік шотындағы ақша қалдығына сыйақыны есептемейді.

3.2. Тараптар нұсқауларды және өзге де хабарламаларды жіберген кезде SWIFT жүйесін және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпаратты тасымалдаудың қаржылық автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – ҚБЕО ҚААТЖ) негізгі байланыс арнасы ретінде пайдалануға келіседі. Ерекше жағдайларда (SWIFT, ҚБЕО ҚААТЖ жүйелерінің жұмысындағы іркілістер) өзара іс-әрекет жасау қағаз тасымалдаышта және/немесе резервтік байланыс арнасын пайдалану жолымен (Тараптардың келісімі бойынша) жүзеге асырылады. Тараптар SWIFT, ҚБЕО ҚААТЖ жүйелері арқылы жіберілген хабарламалардың қағаз тасымалдағышта жасалған құжаттардың күші болатынын мойындайды.

### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

4.1. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда кінелі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес басқа Тарапқа ол нақты шеккен зиянды өтейді.

4.2. Ұлттық Банкті қате есепке алынған ақша сомалары туралы Шарттың 2.2-тармағының 4) тармақшасында айтылған мерзімдерде хабардар етпегені үшін Клиенттен өсімпұл өндіріп алынады, оны мөлшері ақшаны алу қуніндегі Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшеріне қарай әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін қате қабылданған (есепке алынған) ақша сомасынан есептеледі.

4.3. Ұлттық Банк Клиенттің корреспонденттік шоты бойынша нұсқауларын орындағаны үшін, егер көрсетілген төлем сомасы нұсқауды

орындау сәтінде корреспонденттік шоттағы ақша сомасынан асатын болса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша орындамағаны/уақтылы орындамағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

4.4. Клиенттің нұсқауларын уақтылы орындамағаны үшін Ұлттық Банк барлық мерзімі өткен күндер үшін уақтылы орындалмаған нұсқау сомасына есептелетін өсімпұл төлейді, өсімпұлдың мөлшері өсімпұлды өндіріп алу күніндегі Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшеріне қарай әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған нұсқау сомасынан есептеледі.

Ұлттық Банк Клиенттің нұсқауларын уақтылы орындамағаны үшін өсімпұл сомасын төлеген жағдайда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

4.5. Ұлттық Банк Клиент Жүйе арқылы өткізген нұсқаулар үшін, сондай-ақ нұсқауды өткізген кезде Клиенттің кінәсінен болған қателер үшін жауапкершілік атқармайды.

4.6. Клиенттің және/немесе бенефициардың кінәсінен нұсқаудың дұрыс ресімделмеуі, қателердің, бас тартудың немесе кешіктірудің салдарынан Клиенттің нұсқауларын орындамағаны/уақтылы орындамағаны, сондай-ақ пайда болған зиян үшін Ұлттық Банк жауапкершілік атқармайды.

4.7. Нұсқау деректемелерінің дәйектілігі үшін жауапкершілікті оны ұсынуышы атқарады және Ұлттық Банк оларда дұрыс көрсетілмеген ақпараттың орындалуына жауапты болмайды.

4.8. Тараптар байланыс арналарына қолжетімділігі бар қызметкерлердің әрекеттері үшін барлық жауапкершілікті өздеріне қабылдайды.

## **5. ТӨТЕНШЕ ЖАГДАЙ**

5.1. Тараптардың Шарт бойынша өз функцияларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін, табиғи апаттар, апаттар, өрт, жаппай тәртіпсіздік, ереуілдер, әскери іс-қимылдар кіретін еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған, сондай-ақ Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне тікелей немесе жанама тыйым салатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілері қабылданған жағдайда, олар өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамағаны үшін, егер осындағы жағдайлар туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей және байланыс болған кезде олардың әсерінен зардап шеккен Тарап басқа Тарапқа болған жағдай туралы хабар берсе, сондай-ақ төтенше жағдайлардың салдарын жедел жою үшін барлық күшін салса, жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Тараптар табиғи апаттар, электр энергиясын өшіру және байланыс желілерінің зақымдану түрінде электрондық төлемдер жүйесінің жұмысына айтарлықтай ықпал ететін еңсерілмейтін күш жағдайларының әсер етуі салдарынан туындаған электрондық нұсқауларды жіберуге арналған

электрондық байланыс арналарын пайдалануды тоқтатқаны үшін жауапкершілік атқармайды.

5.3. Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген дүлей күш жағдайларының объектісі болған Тарап екінші Тараптың талап етуі бойынша орын алған оқиғалар туралы растайтын құжаттарды, сондай-ақ уәкілетті органдар растиған келтірілген зиянның көлемін есептеуге байланысты кез келген құжаттаманы беруге міндетті.

5.4. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды дүлей күш жағдайларының кезінде тоқтатыла тұрады және олар тоқтағаннан кейін бірден қайта жалғасады.

5.5. Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген дүлей күш жағдайларының әрекеті тоқтағаннан кейін Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудын жалғастыруға міндетті.

## **6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

6.1. Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды сот тәртібінен тыс реттеу үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

6.2. Өзара келісімге келе алмаған кезде барлық реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **7. БАСҚА ТАЛАПТАР**

7.1. Шарт корреспонденттік шот ашылған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген уақыт мерзімі ішінде қолданылады\*.

7.2. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер мен тәртіпте бұзылады.

7.3. Тараптар Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы, бұл ретте Шартты бұзуға ниет білдірген Тарап Шартты бұзу жоспарланған күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда, Тараптар Шарт бойынша бұрын туындаған міндеттемелерді орындауға және олар бойынша шығыстарды Шартты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын кешіктірмей бір-біріне өтеуге міндетті.

Клиент корреспонденттік шотты жабуға өтінішті және корреспонденттік шоттағы ақша қалдығын аудару туралы нұсқауды Шартты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын кешіктірмей Ұлттық Банкке ұсынады.

7.4. Ұлттық Банк Шартқа барлық өзгерістер мен толықтыруларды Клиентке жазбаша нысанда хабарлау не Ұлттық Банктің Интернет–ресурсында жариялау арқылы енгізеді. Бұл ретте Клиенттің Шартқа қосымша келісімдерге

қол қоюы талап етілмейді және Клиент өзгерістер енгізілген кезден бастап Шартқа жасалған өзгерістер мен толықтыруларға қосылған болып саналады.

Шартқа жасалған өзгерістер мен толықтырулармен келіспеген жағдайда, Клиент корреспонденттік шотты жабуға және бар болса, шығыстарды өтеп, Ұлттық Банкке өтініш беру арқылы Шартты бұзуды талап етуге құқылы.

7.5. Атауы, орналасқан жері және деректемелері, сондай-ақ Жарғысы және (немесе) банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясы және қол қою үлгілері мен мөрінің бедері бар құжат өзгерген жағдайда, Тарап 10 (он) жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа жазбаша хабарлауға міндетті.

7.6. Тараптар қайта ұйымдастырылған жағдайда, барлық құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық мирасқорларына көшеді.

7.7. Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

\* бұдан бұрын корреспонденттік шот шарты жасасылған Клиенттерді қоспағанда.

\*\* қолма-қол ақшамен жұмыс іstemейтін клиенттерді қоспағанда.

\*\*\* аталған тармақтың ережелері Шартқа қосылуға арналған өтініште  
бенефициардың (бенефициарлардың тізбесі) атауын, БСН, негізінде төлем талабы  
қойылатын ақша жөнелтушінің бенефициар (бенефициарлардың тізбесі) алдындағы  
ақшалай міндеттемесін растайтын құжаттардың атауы мен деректемелерін көрсетуге  
құқылы, мемлекеттік бағдарламалар шегінде кредиттеу шартын жасасқан клиенттерге  
қолданылмайды.

Банкаралық ақша аудару жүйесінің  
пайдаланушыларымен ұлттық валютадағы  
корреспонденттік шотқа қызмет көрсету  
бойынша қосылу шартына  
қосымша

**Ұлттық валютадағы корреспонденттік шотты ашу туралы**  
**ХАБАРЛАМА**

Хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

Ұлттық Банк «\_\_\_\_\_»  
(Клиент)

жеке сәйкестендіру кодын (ЖСК) берे отырып, ұлттық валютадағы  
корреспонденттік шоттың ашылғаны туралы хабарлайды\*.

| ЖСК | БСК | Шот валютасы |
|-----|-----|--------------|
|     |     |              |

Уәкілетті адам

\_\_\_\_\_  
(қолы) (Тегі және инициалдары)

\_\_\_\_\_  
(куни)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Директорлар кеңесінің  
2017 жылғы 31 мамырдағы  
№ 83 қаулысына  
3-қосымша

**Шетел валютасындағы корреспонденттік шотқа  
қызмет көрсету бойынша  
ҚОСЫЛУ ШАРТЫ**

**Алматы қ.**

Осы Шетел валютасындағы корреспонденттік шотқа қызмет көрсету бойынша қосылу шарты (бұдан әрі – Шарт) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» республикалық мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі «Ұлттық Банк» деп аталады және Клиент (Шартқа қосылу туралы өтініш берген заңды тұлға), бұдан әрі бірігіп «Тараптар» және жеке-жеке «Тарап» деп аталады, шетел валютасындағы корреспонденттік шот бойынша операцияларды жүзеге асыру бойынша олардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

## **1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

1.1. Шарт Клиенттің шетел валютасындағы корреспонденттік шотын ашу, жүргізу және жабу тәртібін айқындайды, сондай-ақ Клиенттің корреспонденттік шотын жүргізу кезінде Тараптардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді және Ұлттық Банктің Интернет-ресурсына орналастырылады.

1.2. Клиент Ұлттық Банкке Клиенттің уәкілетті адамы қол қойған және Шартта белгіленген тәртіппен Клиенттің мөрімен куәландырылған Шартқа қосылу арқылы валюта түрін көрсете отырып, корреспонденттік шотты ашуға арналған өтінішті (бұдан әрі – Өтініш) жібереді. Өтініште басқалардан бөлек, Клиенттің салықтық резиденттілігі туралы мәлімет қамтылуы тиіс. Өтініш Шарттың талаптарымен Клиенттің танысқанын және қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз толық көлемде қабылдайтынын дәлелдейді. Егер де Ұлттық Банкте Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Клиент қол қойған Өтініштің бір данасы болған жағдайда, Клиент Шартта өзінің қойған қолының болмауын Шартты өзінің оқымағандығының/ қабылдамағандығының дәлелі ретінде сілтеме жасаудың құқылдығын емес. Өтінішке қол қоя отырып, Клиент Ұлттық Банкте корреспонденттік шотты ашуудың, жүргізудің, жабудың барлық талаптарын өзіне қабылдайды және Шартқа қосылады.

1.3. Шарт тәртібінде және талаптарында Ұлттық Банк Клиентке жеке сәйкестендіру кодын (бұдан әрі – ЖСК) беру арқылы оған корреспонденттік шот (бұдан әрі – корреспонденттік шот) ашады және Клиентке Шарт қосымшасына сәйкес Шетел валютасында корреспонденттік шотты ашу туралы хабарламаны (бұдан әрі – Хабарлама) жібереді\*.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ**

### **2.1. Ұлттық Банк:**

- 1) Шарт негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында\* көзделген тәртіппен және мерзімдерде корреспонденттік шот ашуға;
- 2) Клиенттің пайдасына түсken ақшаны Шартта көзделген талаптармен қабылдауға;
- 3) корреспонденттік шотқа келіп түсken барлық ақшаның болуын қамтамасыз етуге;
- 4) егер нұсқаудың талаптарында оны орындаудың неғұрлым кейінгі мерзімі белгіленбесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шарттың талаптарында және Ұлттық Банктің Операциялық күн кестесінде (бұдан әрі – Кесте) белгіленген мерзімде корреспонденттік шотта қалған сома шегінде төлемдер жасауды және/немесе ақша аударуды жүзеге асыруға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиентті корреспонденттік шоттағы ақшаны ондағы ақша қалдығы шегінде, сондай-ақ Шартта белгіленген талаптармен кедергісіз жұмсау құқығымен қамтамасыз етуге;
- 6) Ұлттық Банкке Клиент жіберетін нұсқауларды Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде, Шартта белгіленген талаптарға сәйкес және Кестеде көзделген мерзімде қабылдауға және орындауға;
- 7) инкассолық өкімді және төлем талабын алған кезде, сондай-ақ корреспонденттік шотта ақша сомасы болмаған не жеткіліксіз болған кезде КР заңнамасында көзделген жағдайларда қабылдауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде оларды орындауға және сақтауға;
- 8) Клиенттің корреспонденттік шоты бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде Кестеде көзделген мерзімде ақша қозғалысы туралы үзінді-көшірмені беруге;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиент жүргізген операциялар және корреспонденттік шоттағы ақша сомасы туралы ақпараттың және банктік және коммерциялық құпияны құрайтын өзге де ақпараттың конфиденциалдылығын қамтамасыз етуге;
- 10) ағымдағы жұмыс қунінен кешіктірмей Клиентті Кестеде көзделген мерзімде келіп түсken оның нұсқауларын орындау мүмкін еместігі туралы телефон және/немесе электрондық байланыс арқылы хабардар етуге;

11) ақшаның қате есептен шығарылғаны жөнінде дербес анықталған немесе Клиенттің жазбаша хабарламасы алынған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қате есептен шығарылған ақша сомасын Клиентке қайтаруға;

12) Ұлттық Банк Кесте, Ұлттық Банк ұсынатын қызмет үшін ақы төлеудің түрлері мен мөлшері (бұдан әрі – Тарифтер) өзгерген жағдайда Клиентті олар қолданысқа енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда хабардар етуге **міндеттенеді**.

## **2.2. Клиент:**

1) корреспонденттік шот ашу үшін Ұлттық Банкке Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген құжаттарды ұсынуға\*;

2) корреспонденттік шоттағы өзінің ақшасын жұмсау бойынша барлық операцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес жүргізуғе;

3) корреспонденттік шот бойынша өзінің деректерінің Ұлттық Банктің деректерімен дұрыс көрсетілуін күн сайын бақылауды жүзеге асыруға;

4) нұсқауды қате орындау анықталған жағдайда, осы факті байқалған күннен бастап келесі операциялық күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұл туралы Ұлттық Банкке хабарлауға;

5) Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде, Шартта белгіленген талаптарға сәйкес және Кестеде көзделген мерзімдерде нұсқауларды Ұлттық Банкке беруге;

6) бенефициардың банкі АҚШ аумағында орналаспаған корреспонденттік шот бойынша АҚШ долларында төлемдерді және ақша аударымын жүзеге асырған кезде АҚШ аумағындағы делдал банкті көрсетуге;

7) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарында көзделген жағдайларда Ұлттық Банктің талап етуі бойынша қажетті құжаттар ұсынуға **міндеттенеді**.

## **2.3. Ұлттық Банк:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, сондай-ақ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен, кезектілікті сақтай отырып, Клиентке ақшаны алу күнінен кейінгі жұмыс күннен кешіктірмей ақшаны алудың заңдылығын растайтын тиісті құжаттарды жібере отырып Клиенттің келісімінсіз корреспонденттік шоттан ақша алуды жүргізуғе;

2) ай сайын, есептің айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей Тарифтерге сәйкес қызметті өтеуге арналған Клиенттің корреспонденттік шотынан Клиенттің келісімінсіз ақшаны алуды жүргізуғе құқылы. Корреспонденттік шотта ақша жеткіліксіз болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Клиенттің кез келген банк шоттарынан Ұлттық Банктің операциялар жасау күнгі ресми бағамын қолдана отырып, ақша алынады;

3) корреспонденттік шотқа ақша қате қабылданған (есептелген) жағдайда корреспонденттік шоттан Клиенттің келісімінсіз ақша алуды жүргізуге;

4) Клиент Ұлттық Банк алдында кез келген, оның ішінде Шарт бойынша міндеттемелерін орындаған және/немесе тиісінше орындаған жағдайда, Клиенттің кез келген банктік шоттарынан орындалмаған міндеттемелер сомасында Клиенттің келісімінсіз ақшаны алуға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шарт талаптарында көзделген негіздер бойынша Клиентке нұсқауды орындаудан бас тартуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен, сондай-ақ Шартта белгіленген талаптар бойынша Клиенттің корреспонденттік шоттағы ақшаға иелік етуін шектеуге және үшінші тұлғалардың талаптары бойынша корреспонденттік шоттан Клиенттің ақшасын алуға;

7) операциялық күн соңында корреспонденттік шоттағы күн сайынғы кредиттік қалдықтың сомасына Тарифтерге сәйкес комиссия (теріс пайыздық мөлшерлемені) белгілеуге және комиссияның мөлшері және оны қолданысқа енгізу күні туралы хабарлауға **құқылы**.

#### **2.4. Клиент:**

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген тәртіппен корреспонденттік шоттағы ақшаны ондағы ақша қалдығының шегінде дербес басқаруға;

2) Ұлттық Банкке Шарттың 2.3-тармағының 2) тармақшасында айтылған ақшаны Ұлттық Банкте ашылған басқа банк шоттарынан алуға нұсқау беруге;

3) Кестеге сәйкес корреспонденттік шоттан ақша қозғалысы туралы үзінді көшірмелерді алуға **құқылы**.

### **3. КОРРЕСПОНДЕНТТІК ШОТТЫ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

3.1. Ұлттық Банк Клиенттің корреспонденттік шотындағы ақша қалдығына сыйақыны есептемейді.

3.2. Тараптар нұсқауларды және өзге де хабарламаларды жіберген кезде SWIFT жүйесін негізгі байланыс арнасы ретінде пайдалануға келіседі. Ерекше жағдайларда (SWIFT жүйесінің жұмысындағы іркілістер) өзара іс-эрекет жасау қағаз тасымалдаышта және/немесе резервтік байланыс арнасын пайдалану жолымен (Тараптардың келісімі бойынша) жүзеге асырылады. Тараптар SWIFT жүйесі арқылы жіберілген хабарламалардың қағаз тасымалдаышта жасалған құжаттардың күші болатынын мойындайды.

3.3. Корреспонденттік шот бойынша банкаралық төлемдер мен ақша аударымдарына байланысты операциялар, сондай-ақ Клиент қызмет көрсететін заңды тұлғалардың олардың Ұлттық Банктегі банк шоттарына төлемдері және меншікті қаражатын аударымдары жүзеге асырылады.

### **4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

4.1. Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған не тиісінше орындалмаған жағдайда кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес басқа Тарапқа ол нақты шеккен зиянды өтейді.

4.2. Ұлттық Банкті қате есепке алынған ақша сомалары туралы Шарттың 2.2-тармағының 4) тармақшасында айтылған мерзімдерде хабардар етпегені үшін Клиенттен өсімпұл өндіріп алынады, оны мөлшері ақшаны алу құніндеңі Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшеріне қарай әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін қате қабылданған (есепке алынған) ақша сомасынан есептеледі.

4.3. Ұлттық Банк Клиенттің корреспонденттік шоты бойынша нұсқауларын орындағаны үшін, егер көрсетілген төлем сомасы нұсқауды орындау сәтінде корреспонденттік шоттағы ақша сомасынан асатын болса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша орындағаны/уақтылы орындағаны үшін жауапкершілік атқармайды.

4.4. Клиенттің нұсқауларын уақтылы орындағаны үшін Ұлттық Банк барлық мерзімі өткен күндер үшін уақтылы орындалмаған нұсқау сомасына есептелеңін өсімпұл төлейді, өсімпұлдың мөлшері өсімпұлды өндіріп алу құніндеңі Ұлттық Банктің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшеріне қарай әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған нұсқау сомасынан есептеледі.

Ұлттық Банк Клиенттің нұсқауларын уақтылы орындағаны үшін өсімпұл сомасын төлеген жағдайда, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен табыс салығы ұсталады.

4.5. Клиенттің және/немесе бенефициардың кінәсінен нұсқаудың дұрыс ресімделмеуі, қателердің, бас тартудың немесе кешіктірудің салдарынан Клиенттің нұсқауларын орындағаны/уақтылы орындағаны, сондай-ақ пайда болған зиян үшін Ұлттық Банк жауапкершілік атқармайды.

4.6. Нұсқау деректемелерінің дәйектілігі үшін жауапкершілікті оны ұсынуышы атқарады және Ұлттық Банк оларда дұрыс көрсетілмеген ақпараттың орындалуына жауапты болмайды.

4.7. Тараптар байланыс арналарына қолжетімділігі бар қызметкерлердің әрекеттері үшін барлық жауапкершілікті өздеріне қабылдайды.

## **5. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ**

5.1. Тараптардың Шарт бойынша өз функцияларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін, табиғи апаттар, апаттар, өрт, жаппай тәртіпсіздік, ереуілдер, әскери іс-қимылдар кіретін еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған, сондай-ақ Шартта көрсетілген қызмет түрлеріне тікелей немесе жанама тыйым салатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық және құқықтық актілері қабылданған жағдайда, олар өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындағаны үшін, егер осындағы жағдайлар туындаған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен

кешіктірмей және байланыс болған кезде олардың әсерінен зардап шеккен Тарап басқа Тарапқа болған жағдай туралы хабар берсе, сондай-ақ төтенше жағдайлардың салдарын жедел жою үшін барлық күшін салса, жауапкершіліктен босатылады.

5.2. Тараптар табиғи апаттар, электр энергиясын өшіру және байланыс желілерінің зақымдану түрінде электрондық төлемдер жүйесінің жұмысына айтарлықтай ықпал ететін еңсерілмейтін күш жағдайларының әсер етуі салдарынан туындаған электрондық нұсқауларды жіберуге арналған электрондық байланыс арналарын пайдалануды тоқтатқаны үшін жауапкершілік атқармайды.

5.3. Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген дүлей күш жағдайларының объектісі болған Тарап екінші Тараптың талап етуі бойынша орын алған оқиғалар туралы растайтын құжаттарды, сондай-ақ уәкілетті органдар растиған келтірілген зиянның көлемін есептеуге байланысты кез келген құжаттаманы беруге міндетті.

5.4. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелерді орындауы дүлей күш жағдайларының кезінде тоқтатыла тұрады және олар тоқтағаннан кейін бірден қайта жалғасады.

5.5. Шарттың 5.1-тармағында көрсетілген дүлей күш жағдайларының әрекеті тоқтағаннан кейін Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын жалғастыруға міндетті.

## **6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

6.1. Шарт талаптарын орындау барысында келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды сот тәртібінен тыс реттеу үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

6.2. Өзара келісімге келе алмаған кезде барлық реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **7. БАСҚА ТАЛАПТАР**

7.1. Шарт корреспонденттік шот ашылған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген уақыт мерзімі ішінде қолданылады\*.

7.2. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер мен тәртіпте бұзылады.

7.3. Тараптар Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы, бұл ретте Шартты бұзуға ниет білдірген Тарап Шартты бұзу жоспарланған күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын басқа Тарапты жазбаша хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда, Тараптар Шарт бойынша бұрын туындаған міндеттемелерді орындауға және олар бойынша шығыстарды Шартты бұзу

күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын кешіктірмей бір-біріне өтеуге міндетті.

Клиент корреспонденттік шотты жабуға өтінішті және корреспонденттік шоттағы ақша қалдығын аудару туралы нұсқауды Шартты бұзу күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын кешіктірмей Үлттық Банкке ұсынады.

7.4. Үлттық Банк Шартқа барлық өзгерістер мен толықтыруларды Клиентке жазбаша нысанда хабарлау не Үлттық Банктің интернет-ресурсында жариялау арқылы енгізеді. Бұл ретте Клиенттің Шартқа қосымша келісімдерге қол қоюы талап етілмейді және Клиент өзгерістер енгізілген кезден бастап Шартқа жасалған өзгерістер мен толықтыруларға қосылған болып саналады.

Шартқа жасалған өзгерістер мен толықтырулармен келіспеген жағдайда, Клиент корреспонденттік шотты жабуға және бар болса, шығыстарды өтеп, Үлттық Банкке өтініш беру арқылы Шартты бұзуды талап етуге құқылы.

7.5. Атауы, орналасқан жері және деректемелері, сондай-ақ Жарғысы және (немесе) банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясы және қол қою үлгілері мен мөрінің бедері бар құжат өзгерген жағдайда, Тарап 10 (он) жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа жазбаша хабарлауға міндетті.

7.6. Тараптар қайта ұйымдастырылған жағдайда, барлық құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық мирасқорларына көшеді.

7.7. Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

\* бұдан бұрын корреспонденттік шот шарты жасасылған Клиенттерді қоспағанда.

Шетел валютасындағы корреспонденттік шотқа  
қызмет көрсете бойынша қосылу шартына  
қосымша

## **Шетел валютасындағы корреспонденттік шотты ашу туралы** **ХАБАРЛАМА**

Хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады

Ұлттық Банк «\_\_\_\_\_»  
(Клиент)

жеке сәйкестендіру кодын (ЖСК) берे отырып, шетел валютасындағы  
корреспонденттік шоттың ашылғаны туралы хабарлайды\*.

| ЖСК | БСК | Шот валютасы |
|-----|-----|--------------|
|     |     |              |

Уәкілетті адам \_\_\_\_\_  
(қолы) \_\_\_\_\_ (Тегі және инициалдары)  
\_\_\_\_\_ (куни)